

Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 18 наурыздағы N 688 Жарлығына өзгертулер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 29 қаңтар N 2837

Қаулы Етемін:

1. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 18 наурыздағы N 688 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1992 ж., N 7, 118-құжат) мынадай өзгертулер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап облыстарда және Алматы қаласында бөлімшелері болатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры құрылсын.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорын басқару функциялары Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелсін";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыру қорына аударымдар тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген нормалар бойынша жүргізіледі деп белгіленсін";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры туралы Ережені бекітсін және осы Жарлықты жүзеге асыру жөнінде барлық қажетті ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруды реттейтін нормативтік құқықтық актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының осы Жарлыққа қайшы келетін нормативтік құқықтық актілерін қайта қарауын және күшін жоюын қамтамасыз етсін".

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК